

"Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 тамыздағы N 804 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ЖАРЛЫҒЫ**

**Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі
2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік
бағдарлама туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, азаматтарды патриоттық тәрбиелеудің біртұтас жүйесін құру мақсатында **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама (бұдан әрі - **Бағдарлама**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жарты жылда бір рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Үкіметіне

ж ү к т е л с і н .

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

" _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _

N _ _ _

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу
жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған
мемлекеттік бағдарлама**

Астана, 2006 жыл

Мазмұны

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары
м е н т е т і г і
6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері
7. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық
тәрбиелеу жөніндегі 2006-2008 жылдарға
арналған мемлекеттік бағдарлама

Әзірлеу үшін "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999
негіздеме жылғы 7 маусымдағы Заңының 8-бабының 3-тармағы;
"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар
саясаты туралы" Қазақстан Республикасының
2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 3-бабы
3-тармағының 4), 5), 6) тармақшалары;
Қазақстан Республикасы Президентінің
2002 жылғы 26 сәуірдегі N 856 Жарлығымен

бекітілген орта мерзімді кезеңге арналған
(2011 жылға дейін) Қазақстан халықтары
Ассамблеясы Стратегиясының 4-тармағының
4 . 1 - т а р м а қ ш а с ы ;

Қазақстан Республикасы Президентінің
қатысуымен өткен кеңестің 2004 жылғы
25 желтоқсандағы N 01-7.12 хаттамасын іске асыру
жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.1-тармағы;

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаевтың жастармен мақсатты
саяси жұмыстың бағдарламасын әзірлеу туралы
2005 жылғы 5 наурыздағы N 654 тапсырмасы;
Мемлекеттік нышандар жөніндегі республикалық
комиссия отырыстарының 2005 жылғы 11 наурыздағы
N 03-5.3, 2005 жылғы 7 қазандағы N 03-5.7
х а т т а м а л а р ы ;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының
2005 жылғы 8 шілдедегі N 03-5.6 тапсырмасы.

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі

Бағдарламаның Патриоттық тәрбие жүйесін нысаналы дамыту арқылы
мақсаты азаматтардың ділінде жоғарғы патриоттық сананы,
өз Отанына деген мақтаныш сезімдері
мен адалдықты, Отанның мүдделерін қорғау
жөніндегі азаматтық борыш пен
конституциялық міндеттерді орындауға деген
дайындығын арттыру.

Бағдарламаның Азаматтардың мақсатты топтарының бойында
міндеттері саналы азаматтық бірлік, этносаралық және
тұлғааралық өзара түсіністік, "Бұл - біз! Бұл
- біздің Жеріміз! Бұл - біздің Отанымыз!"
отандастық сезімін қалыптастыруға ықпал ететін
ұйымдастырушылық алғышарттары мен
шаралар жүйесін құру;
мемлекет пен қоғам, мемлекет пен азамат
арасындағы органикалық міндеттемелерді
қалыптастыру және мемлекет пен қоғамның
бір-біріне қарсы қозғалыстарын қамтамасыз
ететін кешенді іс-шараларды өткізу үшін

алғышарттар жасау;
халықтың мақсатты топтарына арналған Мен және
менің отбасым, Мен және менің мектебім, Мен және
айналадағы адамдар, Мен және менің Отаным саналы
азаматтық қатынастарын құруға оқыту жөнінде
жағдайлар мен әлеуметтік алғышарттар жасау;
мінез-құлықтың жағымды түрлерін қалыптастыру
арқылы патриотизмді тәрбиелеуге жәрдемдесу және
қазіргі заманның қаһарманының бейнесін
кеңінен таныту, жастардың еліктейтін бейнесі
үшін ұйымдастырушылық және басқа да
алғышарттарды жасау.

Іске асыру

2006-2008 жылдар

мерзімі

Қаржыландыру

көздері

Республикалық, жергілікті бюджеттердің қаражаты,
бюджеттен тыс қаражат.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен:

2006 жылы 27 948 мың теңге,

2007 жылы 54 641 мың теңге,

2008 жылы 53 999 мың теңге

бөлінеді деп жоспарланып отыр.

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен:

2007 жылы 224 093,0 мың теңге,

2008 жылы 236 521,0 мың теңге бөлінеді деп

жоспарланып отыр.

Барлығы: 2006 жылы - 27 948 мың теңге, 2007
жылы - 278 734 мың теңге, 2008 жылы - 290 520
мың теңге.

Жалпы сома - 597 202 мың теңгені құрайды.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы
жылына арналған республикалық және жергілікті
бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады.

Күтілетін

нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру барысында мынадай
нәтижелерге қол жеткізілетін болады:
қазақстандықтардың Қазақстан Республикасымен
азаматтық сәйкестік деңгейі артады;
азаматтардың патриоттық қозғалыстарға тартылуға
деген қызығушылығы артады;
азаматтардың патриоттық санасын арттыру

жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды
ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету
күшейтілетін болады;
елдің мемлекеттік рәміздерін, мемлекеттік және
әскери қызметтерді танымал етуге, тұтастай
алғанда патриоттық тәрбие жүйесін дамытуға
бағытталған шаралар жандандырылады;
2006 жылы Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу
жөніндегі кеңес құрылатын болады;
ақпараттық-әдістемелік жинақтар, ұсынымдар,
ақпараттық-талдамалы материалдар әзірленеді және
шығарылады;
экскурсиялық және өлкетану жұмысы
бағдарламалары әзірленеді, ерекшеленген
оқушылардың Астанаға сапары ұйымдастырылады;
36 республикалық іс-шаралар (семинарлар,
форумдар, конференциялар, дөңгелек үстелдер,
социологиялық зерттеулер, социологиялық
мониторинг, акциялар, слеттер, конкурстар,
турне) өткізіледі, оның ішінде: 2006 жылы - 10,
2007 жылы - 13, 2008 жылы - 13;
құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен,
соғыс ардагерлерімен, спортшылармен және
басқалармен жастардың тақырыптық кездесулері
ұйымдастырылады;
білім беру ұйымдарының желісімен қамтылған
3,5 млн. балалар және жасөспірім балалар,
жасөспірімдер, жастар ұйымдарының қызметіне
тартылатын болады;
оқу процесінде жастардың бойында патриоттық
сезімдерді тәрбиелеуге бағытталған жаңа
әдістемелер мен материалдар ықпалдастырылатын
болады;
жастардың республикалық зияткерлік және өңірлік
сыйлықтары тағайындалады.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі елдің жалпы рухани әлеуетін арттыру қажеттілігіне негізделген.

Бағдарлама азаматтың жауапкершілік сезімінен, саналы таңдау жасау қабілетінен көрінетін оң, жасампаз дүниетанымға ие, Отанға, қоғамға, өз отбасына, өз игілігіне бағытталған дербес шешім қабылдай алатын азаматты тәрбиелеуді, берік адамгершілік негізге ие, солай бола тұрса да, ауыспалы жағдайларға тез бейімделетін және жаңа идеяларды тез қабылдайтын тұрақты жетіліп отыратын тұлғаны тәрбиелеуді көздейді.

Осыған байланысты, орталық және жергілікті билік органдары мен қоғамдық ұйымдардың күштерін біріктіру, олардың күштерін барлық әлеуметтік және этностық топтарға үйлестіру және жұмылдыру қажет, бұл біртұтас мемлекеттік саясат болған және осы саясатқа азаматтарды патриоттық тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі сәйкес болған жағдайда ғана мүмкін болады. Осыған байланысты, азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жүйесін дамыту жолдарын құру және анықтау талап етіледі.

Мемлекет басшысының 2005 жылғы 5 наурыздағы N 654, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2005 жылғы 11 қарашадағы N 03-5.3, 2005 жылғы 8 шілдедегі N 03-5.6 және 2005 жылғы 7 қазандағы N 03-5.7 тапсырмалары Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме болып табылады.

Бұдан басқа, осы Бағдарлама "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 856 Жарлығымен бекітілген Қазақстан халықтары Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған (2011 жылға дейін) стратегиясын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен кеңестің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 01-7.12 хаттамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 4.1-тармағын орындау үшін әзірленді.

Бағдарламаны әзірлеу тәсілі негізінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқан "Қазақстан - біздің ортақ үйіміз" деген идеясы жатыр. Бағдарламаны іске асыру қоғамның одан әрі бірігуіне, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға азаматтық әлемнің нығаюына ықпал етеді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Ел өміріндегі көптеген проблемаларды шешу көп жағдайда халықтың азаматтық ұстанымының қалыптасу деңгейіне, жоғары патриоттық санаға, өз Отанына деген жоғары сезімге, Отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығына тәуелді.

Патриоттық тәрбие жүйесі білім беру мекемелерінің барлық типтері мен түрлеріндегі оқыту мен тәрбиелеу процесінде әлеуметтік маңызды құндылықтарды, азаматтылық пен патриотизмді қалыптастыру мен дамытуды; еңбек ұжымдарындағы, әскердегі, қоғамдық ұйымдардағы бұқаралық патриоттық жұмысты; азаматтарды патриоттық тәрбиелеу тақырыптарын қарастыруға және жариялауға бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін көздейді.

Мұнда Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын зерделеуге маңызды рөл бөлінеді. Республика нышандарының саяси және рухани мәнін пайымдау үшін жастардың өздерінің азаматтық міндеттері туралы дүниетанымы кеңейтіледі және тереңдей түседі. Азаматтық өзіндік сана-сезімге тәрбиелеу мақсатында ұлттық нышандарды қабылдау, ар, намыс, борыш, еліміздің болашағы үшін жауапкершілік сияқты этникалық адамгершілік нормаларды қалыптастыру жөніндегі пікірсайыстар ө т к і з і л е д і .

Әлемде азаматтардың бойына патриоттық сезімді нысаналы түрде ұялата білген, оларда патриоттық мінез-құлық үлгілерінен, өнерінен байқауға болатын ұлттық нышандары - Туына, Елтаңбасына, Әнұранына, ұлттық мерекелеріне құрметпен қарау орын алған өркениетті елдер аз емес. Көптеген елдерде мемлекеттік нышандарды пайдалану мемлекеттің оң бейнесін жасау көзі ретінде қызмет етеді, ол ұлттық мақтаныштың мәні, патриоттық сезім мен ерік-жігерді көрсетудің объектісі болып табылады. Мұндай елдердің қатарына Америка Құрама Штаттарын (бұдан әрі - АҚШ) жатқызуға болады. Біз үшін олардың тәжірибелері мемлекеттік нышандарды насихаттау және халықты патриотизмге тәрбиелеу тұрғысынан қызығушылық тудырып отыр. Көпшілік американдықтар елдің әнұранын біледі және салтанатты іс-шараларда айтады. Америка туының барлық мекемелер мен жеке меншік үйлерде болуы өмірлік норма болып табылады. Ұлттық нышандары бар бұйымдарды халық аса танымалдықпен қолданады. Бұл олардың баспасөзде және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі - БАҚ), кітаптарда, көркем фильмдерде белсенді насихатталуымен түсіндіріледі. Мемлекеттік нышандардың көмегімен азаматтарда еліне деген мақтаныш пен патриоттық сезім дәйекті түрде және табандылықпен т ә р б и е л е н е т ү с е д і .

Біздің елімізде жастарды патриоттық тәрбиелеу қазіргі уақытта жастар саясаты бағдарламасының шеңберінде жүргізіледі. Әлеуметтік маңызды жобаларды қолдау мақсатында патриоттық тәрбие саласындағы жастар ұйымдарының бірқатар бастамаларын іске асыруға қаражат бөлінді.

Жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі жастарда азаматтық пен патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әскери-патриоттық тәрбие жөніндегі жұмыстың пәрменділігін арттыру үшін әскери бөлімдер жеке құрамының Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен және жергілікті соғыс ардагерлерімен кездесулері өткізіліп тұрады; азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезеңінде

қорғаныстық-бұқаралық жұмыс айлықтары, әскери бөлімдер мен жоғарғы әскери училищелерде "Ашық есіктер күндері", орта мектептерде "Ержүректілік сабақтары" жарияланып тұрады. Жыл сайын Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Жастар бастамалары орталықтарының белсенділерімен Бүкіләскерлік кеңес, сондай-ақ "Патриот" республикалық акциясы шеңберінде "Жас ұлан" республикалық солдат әндерінің фестивалі өткізіліп тұрады.

Әскери-патриоттық клубтардың республикалық слеттерін, "Ұлан", "Алау" әскери-спорттық ойындарын, "Патриот", "Мен - Қазақстан азаматымын", "Бұл - біздің Ту!" республикалық патриоттық акцияларын өткізу дәстүрге айналған.

Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу негізгі мақсаты жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауына және қалыптасуына жәрдем көрсету болып табылатын балалардың және жастардың қоғамдық қозғалыстары мен ұйымдары, шығармашылық одақтары айрықша р о л а т қ а р а д ы .

Балалар мен оқушы жастар ортасындағы патриоттық тәрбие жүйесі оқу мен тәрбие процесінде балалардың және жастардың қоғамдық қозғалыстары мен ұйымдарын, шығармашылық одақтарын құруды көздейді. Балалар бірлестіктерінің саны жылдан жылға көбейіп отыр. Мысалы, 2003 жылы олардың саны 184 болса, 2004 жылы - 202, 2005 жылы - 319. Қазіргі кезде республикада 320-дан астам балалар мен жастар ұйымдары жұмыс істейді. Олардың ішінде "Жұлдыз" (Ақмола облысы), "Болашақ", "Ұлан", "Айналайын" (Қарағанды облысы), "Шұғыла" (Ақтөбе облысы), "Мұрагер" (Қостанай облысы), "Достар" (Жамбыл облысы), "Жайық жастары" (Батыс Қазақстан облысы), "Жасыл республика" (Оңтүстік Қазақстан облысы) және басқалар ең ірілері және т а н ы м а л ы с ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Соңғы жылдары жергілікті атқарушы органдардың балалар мен жастардың аула клубтарын ашу жөніндегі қызметі жандана бастады. 2003 жылы - 491-і, 2004 жылы - 542-сі жұмыс істеген, ағымдағы жылы олардың саны 548-ді құрайды. Мұндай клубтар балалар мен оқушы жастардың, әсіресе девиантты мінез-құлықты жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастырудың маңызды әлеуметтік-педагогикалық негізі бола алады. Олардың дамуына соғыс және еңбек ардагерлері, жергілікті соғыс ардагерлері, ішкі істер органдарының өкілдері, тәжірибелі педагогтар айрықша ықпал ететіндігін айта к е т у к е р е к .

Іс жүзінде барлық облыстар мен Астана, Алматы қалаларында мақсаты жастарды қоғамдық өмірге белсенді қатысуға тарту, олардың саяси сауаттылығын арттыру, азаматтылықты дамыту мен қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу болып табылатын патриоттық тәрбиелеу мектептері, ұйымдары, клубтары жұмыс істейді.

Білім және ғылым министрлігінің 2006 жылдың басындағы деректері бойынша республикада 586 мектептен тыс ұйымдар бар, оның 218-і - ауылдық. 2002 жылмен салыстырғанда, олардың саны 31 бірлікке азайды, алайда олардың қызметіне тартылған балалардың саны 60495-ке көбейді. Балалар мен жастар шығармашылығының

мектептен тыс ұйымдары 151 бірлікті құрайды. 55 жас туристер, техниктер, натуралистер станциялары бар (2003 жылы - 35), 383 балалар мектептері (музыкалық, көркемсурет, спорт мектептері және өнер мектептері), жыл бойына жұмыс істейтін 6 лагерь, 548 аула клубтары бар (2003 жылы - 491). Алайда, балалардың мектептен тыс ұйымдарымен қамалуы 12 %-ды ғана құрайды. Сондай-ақ, балалардың, жасөспірімдердің, жастардың спорттық, әскери-патриоттық, техникалық, компьютерлік оқыту клубтары, көркемөнер секциялары, кітапханалары желілерін кеңейту қажеттілігі т у ы н д а п о т ы р .

Дегенмен, қазіргі уақытта азаматтарды, оның ішінде балалар мен жастарды патриоттық тәрбиелеу мәселелері жөніндегі жұмыстар одан әрі жетілдіруді талап етіп о т ы р .

Көпшілік адамдардың санасында өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу тек әскери борышын орындауға ғана келіп тірелетіндіктен, патриоттық тәрбие түсінігінің м а з м ұ н ы н е д ә у і р а з а й т а түседі.

Бүгінгі күні балалар мен жастардың патриоттық тәрбиесі патриоттық сананы, өз Отанына деген сенімділік сезімдері мен адалдығын қалыптастыру талаптарына, азаматтық борышын, маңызды конституциялық міндеттерін орындау дайындығына толығымен сай келмейді. Атқарылып отырған жұмыстар еліміздің азаматтарында тұтастай алғанда патриоттық сана мен сезімді қалыптастыру жөнінде қойылған стратегиялық міндеттерді кешенді шешуді қамтамасыз ете алмайды.

Оның үстіне, ғасыр тоғысында Қазақстанда болған түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құрулар ең алдымен, қоғамдық сана мен қоғамның рухани өміріне үлкен өзгерістер алып келді. Социологиялық сұраулармен расталған күнделікті өмірдегі байқаулар патриотизм мәселелерінде әртүрлі әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың ұстанымдары көп жақтылығымен сипатталатындығын к ө р с е т е д і .

Жеке тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі бағыттарының бірі жеке адамның Отанмен сәйкестігі болып табылады. Бұл ретте Отан ұғымы адамның туған жерімен, жақындарымен және туыстарымен ғана шектелмейді, сонымен қатар эмоциялық-психологиялық сезімдер (махаббат сезімі, патриотизм, шынайы берілгендік, ұлттық мақтаныш және басқалар) аспектісінде ұғынылады.

Қазақстандағы 2003 және 2005 жылдар кезеңінде жүргізілген қоғамдық-саяси ахуал мониторингі нәтижелері сұрауға қатысқандардың басым көпшілігі (92,2 %) өз азаматтығын Қазақстан Республикасымен байланыстыратындығын көрсетті. Патриоттық сезімдерге негізделген Қазақстан Республикасымен азаматтық сәйкестік белсенді азаматтық ұстанымның, мемлекет тағдырына қатысудың іргетасы болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы этникалық әртектілікпен ерекшеленеді, мұнда 120-дан астам ұлттар пен халықтардың өкілдері өмір сүреді. Еліміздің көп ұлттылық сипаты

діни конфессиялар мен олардың қоғам өмірінде артып отырған рөлінің сан алуандылығын негіздейді, ол жүргізілген социологиялық сұраулар нәтижесімен расталған: азаматтардың 35,0 %-ы өздерін дінге сенетіндер қатарына жатқызса, 29,0 %-ы жартылай сенетіндер, 14,0 %-ы дінге мүлдем сенбейтіндер. Одан басқа, дін мемлекет ісіне араласпауға билік органдарының шешімдеріне ықпал етуге тиіс деген пікірмен 33,3 % келіссе, сонымен бірге 25,0 % керісінше пікірлер айтқан. 18,4 % діннің мемлекет ісіне ықпал етуін қолдап, діннің билік органдарының шешіміне ықпал етуге толық мүмкіндігі бар, әрі қажет деп есептейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қызметі ең алдымен жастарды өз қатарына тартуға бағытталған дәстүрлі емес діни бірлестіктер мен экстремистік ұйымдар қызметінің жандануымен күрес мемлекет үшін сөзсіз өзекті болып отыр.

Соңғы онжылдықта шетелдік насихаттаудың, сондай-ақ жекелеген азаматтардың мүдделігінің арқасында таратылып отырған діни жоралғылармен байланысты экстремистік құбылыстар кең етек жайып барады.

Жастардың Қазақстан үшін дәстүрлі емес қозғалыстарға, оның ішінде кришнаиттерге, Иегова куәгерлеріне, сондай-ақ "Хизб-ут-Тахрир" діни-саяси бірлестігі сияқты экстремистік ұйымдарға және басқа да ұйымдарға деген қызығушылығы аталған ұйымдарды белсенді жақтаушылардың психологиялық ықпалымен байланысты. Осыған байланысты діни саладағы көкейтесті проблемаларды реттеудің нақты тетігін ә з і р л е у қ а ж е т .

Халықтың саяси сауаттылығы мен жоғарғы саяси мәдениеті ішкі саяси тұрақтылықтың, ұлтаралық келісімнің көзі болып табылады. Қазіргі заманғы қоғамға тән сипат саяси мінез-құлықтың әртүрлі модельдерінің көп аспектілігінде, оның ішінде еліміздің саяси өміріне қатысу мүмкіндігінде жатыр. Бұл ретте еліміздің тағдырына, келешегіне деген ынтаны азаматтардың саяси қызметке қатысуының маңызды факторы р е т і н д е а т а у ғ а б о л а д ы .

Социологиялық сұрау деректері (2005 жылғы желтоқсан) көрсеткендей, саяси қызметке тұрақты түрде қызығушылық білдіргендер сұрауға қатысқандардың тек 35,5 %-ын құраған. 50,6 %-ы кейбір жағдайда ғана саясатқа көңіл аударса, 12,5 %-ы үшін саясат ешбір қызығушылық танытпайды, респонденттердің 1,4 %-ы жауап беруге қ и н а л д ы .

Патриоттық тәрбиенің негіздері отбасында қаланады. Отбасы рухани - адамгершілік тәрбиенің негіздері қалыптасатын айрықша әлеуметтік институт болып табылады. Жүргізілген социологиялық сұрау (2004 жылғы желтоқсан) дәстүрлі тұрақталған құндылықтардың басым екендігін көрсетті, ол - өз отбасының салауаттылығы (55,9 %), жұмыс (35 9 %), жеке қауіпсіздігі (34,8 %).

Одан басқа, мұғалімдер мен тәрбиешілердің барлығы бірдей тәрбие процесін жетілдіруге, отбасы мен басқа әлеуметтік институттардың арасындағы қарым-қатынастарды қажет деңгейде анықтауға көңіл аудара бермейді. Осының

салдарынан отбасының білім беру жүйесінен, педагогтардың отбасынан, бала тұлғасының шығармашылық және еркін дамуы мүддесінен отбасының алшақтығы пайда болады. Еліміздің азаматын тәрбиелеуде кедергі келтіретін факторлардың бірі ретінде патриотизм мен демократиялық нанымдарды нысаналы қалыптастыру жөніндегі жаңа қазіргі заманғы технологияларды пайдалануға қабілетті біліктілігі жоғары мамандардың жеткіліксіздігін, азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі әлеуметтік технологияларды әзірлеуде жеткілікті тәжірибесі бар гуманитарлық бейіндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының аздығын атап өтуге болады.

Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу мәселелеріндегі аталған проблемаларды шешу үшін тәрбиелеуге қағидатты түрде жаңа көзқарас талап етіледі.

Ел бейнесі және өзінің отанымен үздіксіз байланыс сезімі мемлекет, қоғам тарапынан болатын ерекше күш-жігерлермен, тетіктер мен институттар, ең алдымен білім беру арқылы қалыптасады.

Осыған орай, білім алушыларды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге, елдің мемлекеттік нышандарын танымал етуге ықпал етуге тиіс білім беру мекемелерін белсенді түрде тарту қажет.

Білім беру ұйымдарындағы қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдық және мәдени шындықтарға негізделген әрі қазақстандықтардың ділімен байланысты дүниетаным мәдениеті мен төзімділігі жөніндегі сапалы, мазмұны жағынан тиімді ақпараттық-дидактикалық материалдардың, балалар мен жастардың санасында патриоттық сезімдерді, өз Отанына деген махаббат пен адалдықты оятатын кітаптардың жеткіліксіздігін атап өтуге болады. Балалар мен жастарға арналған кітаптар негізінен батыстың идеялары мен құндылықтарын насихаттауға бағдарланған.

Қазақстандық азаматтықты қалыптастыру процесінде мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару органдарында, білім беру мекемелерінде, кәсіпорындар мен ұйымдарда мемлекеттік тілді қолдану дәрежесі ерекше мәнге ие. Осыған орай "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңынан туындайтын міндеттерді шешу қажет. Қазақ тілінің рөлін ұғыну мемлекеттігіміздің бүкіл ғимараты тұрғызылатын іргетас болып табылады.

Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін қазақстандық қоғамның барлық сегменттерін - бизнесті, отандық үкіметтік емес ұйымдарды, қоғамдық қозғалыс көшбасшыларын, ардагерлер ұйымдарын тарту қажет.

Одан басқа, Бағдарламаны одан әрі іске асыру үшін жастардың әртүрлі өзін-өзі басқару нысандарын: жастар мәслихаттарын, басқа да сайлау органдарын қалыптастыруға жәрдемдесу қажет. Қазіргі уақытта жастар ұйымдарының мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу дәрежесі жоғары емес. Жастардың басқарушы шешімдер қабылдауға қатысуы үшін мүмкіндіктер тудыру, жастар бастамаларын көтермелеу қажет.

Қазіргі уақытта азаматтарды патриоттық тәрбиелеу ісіне адамдарға ықпал ете

алатын ең қуатты құралдың бірі - бұқаралық ақпарат құралдары әлсіз тартылып отыр. Бұл жағдай аталған бағдарламаға БАҚ-тың белсенді және өз еркімен тартылуына тиісті пысықтауларды талап етеді.

Бағдарламаның сәтті іске асырылуы қазақстандық қоғамда қалыптасқан мына жағдайларға:

- а) қазақстандықтардың төзімді діліне;
- б) қазақстандықтар ділінің басым бейнесі ретінде рухани ашықтығына;
- в) жаңалықтарға қатынасы жағынан батылдылығына, оған тарихи дәлел ретінде егемендік алғаннан кейінгі Қазақстанда сәтті жүргізілген түбегейлі экономикалық реформаларды жатқызуға болады;
- г) ұлтаралық келісім мен татулыққа;
- д) болашаққа сеніммен қарауға негіздейтін көпшілік халық үшін кедейшілікті кепілдікті бастан өткерудің кепілі ретінде елдің тұрақты және серпінді экономикалық өрлеуіне ықпал етеді.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты патриоттық тәрбие жүйесін нысаналы мақсатта дамыту арқылы азаматтардың ділінде жоғары патриоттық сананы, өз Отанына деген мақтаныш сезімдері мен адалдықты, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға деген дайындығын арттыру болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:
азаматтардың мақсатты топтарының бойында саналы азаматтық бірлік, этносаралық және тұлғааралық өзара түсіністік, "Бұл - біз! Бұл - біздің Жеріміз! Бұл - біздің Отанымыз!" отандастық сезімін қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғышарттары мен шаралар жүйесін құру;

мемлекет пен қоғам, мемлекет пен азамат арасындағы органикалық міндеттемелерді қалыптастыру және мемлекет пен қоғамның бір-біріне қарсы қозғалыстарын қамтамасыз ететін кешенді іс-шараларды өткізу үшін алғышарттар жасау;

халықтың мақсатты топтарына арналған Мен және менің отбасым, Мен және менің мектебім, Мен және айналадағы адамдар, Мен және менің Отаным саналы азаматтық қатынастарын құруға оқыту жөнінде жағдайлар мен әлеуметтік алғышарттар жасау;

мінез-құлықтың жағымды түрлерін қалыптастыру арқылы патриотизмді тәрбиелеуге жәрдемдесу және қазіргі заманның қаһарманының бейнесін кеңінен таныту, жастардың еліктейтін бейнесі үшін ұйымдастырушылық және басқа да алғышарттарды жасау.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асыру тетігі

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қызметті орталықтандырылған үйлестіру үшін Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі республикалық кеңес құру көзделіп отыр. Аталған кеңес республикалық және өңірлік деңгейдегі мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық институттардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілетті өкілдерінен қалыптастырылады.

Бағдарламаны өңірлік деңгейде іске асыруға қатысты бөлігінде тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу процесінде халықтың демографиялық, этникалық құрамын, қалалар мен ауылдық елді мекендер халқының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мәдениет, білім беру ұйымдарының, әскери бөлімдер мен "үшінші сектор" өкілдерінің жұмыстарын үйлестіру үшін семинар-кеңес өткізу талап етіледі.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу және патриоттық тәрбие саласындағы мемлекеттік саясатты табысты іске асыру үшін баспа және теледидарлық бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықты жандандырудың ерекше маңызы бар.

Бағдарламаны іске асыру процесін айқын ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан халқының игілігі үшін мемлекеттік органдардың қызметтерін БАҚ-та нысаналы мақсатта жариялап отыру талап етіледі.

Бағдарламаны табысты іске асыру үшін республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының ынтымақтастығы тетіктерін жасау, осы Бағдарламаның іске асырылуын жария етудің медиа-жоспарын әзірлеу және бекіту қажет.

Сондай-ақ ата-аналардың патриоттық бағыттағы қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіру мақсатында ата-аналардың жұмыс істеп тұрған республикалық қоғамдық кеңесінің жұмысы күшейтіледі, осы Бағдарламаны іске асыруда олардың рөлі арта түседі. Бұл - өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу ісінде ата-аналар қауымы қызметінің оңтайлы тетіктерін әзірлеуге септігін тигізеді.

Бұдан басқа, азаматтарды патриоттық тәрбиелеу саласында мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру еріктілік негізде адамдарды көптеп тартуды талап етеді.

Еріктілер қозғалысының даму дәрежесі бойынша қандай да бір қоғамның азаматтық белсенділігінің дәрежесі туралы пікір айтуға болады. Еріктілік қызметтің халықтың барлық жіктерін қамтуға, осылайша қоғамның барлық әлеуметтік топтарын жақындастыруға және олардың бір тұтастығын нығайтуға мүмкіндігі бар. Осыған байланысты, еріктілер қозғалысының мәселелері бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық базаға талдау мен түзетулер жүргізіледі.

1. Ұлттық біртұтастық

Азаматтардың мақсатты топтарының бойында саналы азаматтық бірлік, этносаралық және тұлғааралық өзара түсіністік, "Бұл - біз! Бұл - біздің Жеріміз! Бұл - біздің Отанымыз!" отандастық сезімін қалыптастыруға ықпал ететін ұйымдастырушылық алғышарттары мен шаралар жүйесін құру мыналар арқылы мүмкін болады:

а) мемлекеттік нышандарды насихаттау және қолдану саласында мемлекеттік саясатты белсенді іске асыру.

Мемлекеттік нышандар ұлттың мәдени эмблемаларының кешені болып табылады. Мемлекеттік нышандарды дұрыс пайдалану халықтың бойында азаматтық өзіндік сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік нышандарды насихаттау түрлі деңгейлерде халықтың барлық жіктерін тарту арқылы өткізілетін әртүрлі конференциялар, семинарлар, акциялар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, түрлі әлеуметтік топтардың елдің мемлекеттік нышандарын қабылдау сапасын анықтауға бағытталған әлеуметтік зерттеу нысанында жүзеге асырылатын осы жұмысты ғылыми қамтамасыз ету талап етіледі.

Конкурстар және басқа да бұқаралық акциялар өткізу арқылы мемлекеттік нышандардың мәнділігі мәселелерінде жастардың хабардар болуын арттыруға айрықша назар аударылады.

Жүргізіліп отырған теледидар және радио бағдарламаларды жасау және көрсету жолымен жүзеге асыру жоспарланып отырған мемлекеттік нышандарды насихаттау ісіне БАҚ-ты тарту талап етіледі.

б) барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында мемлекеттік мерекелерді жалпыхалықтық мереке ретінде тойлау қағидатын енгізу.

Жүргізілетін салтанаттарға адамдардың көбірек санын тарту қажет. Бұл ретте азаматтардың өткізіліп жатқан мерекелерді "шын жүректен" бірлік, тұтастық, рухани көтеріңкілік сезімімен қабылдауы үшін салтанаттардың ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін жасау жөнінде шаралар қабылдау маңызды.

Мемлекеттік мерекелерді өткізу нысандарын өзгерту мемлекеттік мерекелерді барынша парасатты ететін сценарийлер әзірлеуді болжайды.

Мемлекет пен халықтың жақындасуы, мемлекеттік басқару органдары мен халық арасындағы өзара түсіністіктің тереңдеуі аталған жұмыстың нәтижесі болады.

в) білім беру жүйесінің оқу бағдарламаларын жаңа деңгейге көтеру.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік әлеуетін көтеру және оларда азаматтық сананы тәрбиелеу мақсатында қолданыстағы оқу-әдістемелік материалдарды сараптамадан өткізу талап етіледі.

Талдау қорытындылары бойынша оқу бағдарламаларына тиісті толықтырулар енгізу, атап айтқанда, ұлттық біртұтастық, қазақ халқының, қазақстандық этникалық топтардың мәдениеті мен дәстүрлерін танып-білу идеяларына арналған материалдармен толықтыру жоспарланып отыр.

Бұл ретте демократиялық қоғам дәстүрлерін басшылыққа ала отырып, осы жұмысқа халықтың барлық жіктерін ұйғарылып отыр. Бұдан басқа жергілікті электронды БАҚ-пен ынтымақтасу көзделеді. Бұл үшін телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырыс шеңберінде арнайы ақпараттық материалдарды жасау және көрсету жөнінде шаралар қабылданады.

Мәдени ынтымақтастық, еуразиялық идеяларды дамытуды, этносаралық, діни шыдамдылықты және өзара түсіністікті тәрбиелеуді ғылыми-практикалық конференциялар, дәрістер, пікірталастар, дөңгелек үстелдер шеңберінде жүзеге асыру б о л ж а н ы п о т ы р .

Жас ұрпақты төзімділік рухында тәрбиелеуге, Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін әлемдік және дәстүрлі діндерді насихаттаушы діни бірлестіктердің көшбасшыларымен, ұлттық-мәдени орталықтардың басшыларымен ынтымақтастық орнатуға айрықша мән берілетін болады.

Бағдарлама мәтінінде азаматтық келісім мәселелеріндегі қоғамдық пікірдің тұрақты социологиялық мониторингі көзделген.

Халықтың барлық жіктері мен топтарын қазақ тілін өз еркімен оқуға тарту қоғамды біріктіруші орталық фактор болып табылады. Мемлекеттік тілді үйрену, меңгеру мерзімі Қазақстанның барлық этностары үшін мәдени, психологиялық жақындасу мектебі болуы тиіс. Осы Бағдарлама Қазақстан халқының, әсіресе жастардың қазақ тілін оқуға қатысуын қоғамды саяси тұрақтандырушы элемент ретінде қарастырады. Осы мақсатта тұрақты негізде қазақ тілін білуге арналған өңірлік конкурстар өткізілетін болады, қазақ тілінің халықаралық жазғы сессиясы ұйымдастырылады.

г) Қазақстан халықтары Ассамблеясымен өзара іс-қимыл жасау.

Қалыптасқан қоғамдық институт - Ассамблеямен ынтымақтастық осы Бағдарламаны жүргізудің маңызды құралдарының бірі болады.

Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа барлық халықтардың мәдени мұрасын, өткен тарихын, дәстүрлерін, әдеттерін, ғұрыптарын толыққанды жаңғырту және зерделеу үшін Ассамблея үлкен әлеуетке ие болады.

Аталған Бағдарламаға қатыса отырып, Ассамблея жасампаз, жоғары өнімді еңбекке бағытталған адамгершілігі жоғары мәдениетті азаматты тәрбиелеуге елеулі үлес қосады .

д) қазақстандықтардың рухани ұқсастығын айқындау.

Ұлттың мәдени тұтастығы ұлттық ділдің бірлігімен анықталады.

Елдің түрлі этностарының мәдениеті мен ділінің ерекшеліктерін танып-білу және

кейіннен Қазақстан халықтарының өзара түсіністігін тереңдетуге бағытталған арнайы іс-шараларды өткізу мақсатында қазақстандықтардың рухани ұқсастығы тақырыбы бойынша әлеуметтік зерттеулер, конференциялар, семинарлар өткізу, көп этносты, көп мәдениетті қоғамда ұлттық және мәдени ұқсастықты қалыптастырудағы халықаралық тәжірибені зерделеу жоспарланып отыр.

Зерттеулердің қорытындылары және семинарлар мен конференциялардың ұсынымдары нәтижесінде Бағдарламаның жаңа міндеттеріне, өңірлерде Бағдарламаны жүргізу жөніндегі ұсынымдарға айналуға тиіс.

2. Азамат және мемлекет: өзара жауапкершілік

Мемлекет пен қоғам, мемлекет пен азамат арасындағы органикалық міндеттемелік байланыстарды қалыптастыру үшін алғышарттар жасау және мемлекет пен қоғамның бір-біріне қарсы қозғалыстарын қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін өткізу жұртшылыққа, мемлекеттік органдарға және әлеуметтік әріптестікті дамытуға бағытталатын болады.

2.1. Жұртшылықтың мемлекетке қарай қадамдары

а) Балалар және жастар ұжымдары. Балалар мен жастарды қоғамның негізгі институты ретінде мемлекеттің мәнін түсінуге тәрбиелеу.

Білім беру ұйымдары мемлекеттің органикалық бөлігі болып табылатынын түсіне отырып, олардың қызметінде мемлекет өмірінің түрлі жақтарын, атап айтқанда, дамудың демократиялық бағыттарын, әлеуметтік проблемаларды шешуге және саяси тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік беретін экономикалық табыстар мен жетістіктерді жарыққа шығаратын жаңартылған ақпараттық материалдарды тұрақты түрде пайдалану қ а ж е т .

Сабақтар мен сыныптан тыс сабақтар бағдарламаларына жас адамдардың шынайы қоршаған ортаны (ауыл, қала) Отан ретінде қабылдауға, оған деген сүйіспеншілік пен борышты көрсетуге ықпал ететін материалдар енгізілетін болады, өйткені онда барлық әлеуметтік институттармен бірге мемлекет бейнеленеді. Осыған байланысты, аталған тақырыптар бойынша оқушылар мектепте шығармалар мен мазмұндамалар жазады, тақырыптық конкурстар және олимпиадалар өткізілетін болады.

Жастардың құқықтық тәрбиесін жақсарту, құқық бұзушылықтардың пәрменді түрде алдын алу үшін білім беру ұйымдарының құқық қорғау органдарымен тығыз ынтымақтастығын ұйымдастыру ұйғарылып отыр.

Патриоттық тәрбиенің құрамдас элементі ретінде Қазақстан Республикасы азаматының мәртебесін түсіну азаматтық өзіндік сананы дамытуда маңызды орын а л а д ы .

Алғашқы құжаттарды (толық емес орта білімі туралы куәлік, жеке куәлік, орта білімі туралы аттестат және т.б.) алудың салтанатты рәсімін ұйымдастыру жас адамдардың санасында республика азаматы мәртебесінің, өзінің мемлекет өміріне қатыстылығының мәнін түсінуді, өзін Отанының "бөлігі" ретінде сезінуін нығайтады ж ә н е а р т т ы р а д ы .

Студенттік қоғамдастық тақырыптық студенттік слеттер, конференциялар, конкурстар өткізу, студенттік үгіт-насихаттық турнелерді ұйымдастыру арқылы патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа тартылатын болады.

Бағдарламаның медиа-жоспарына сәйкес мемлекет рөлі туралы материалдар әзірленіп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарыққа шығарылады.

Орталық және өңірлік баспа БАҚ-тарында патриоттық тәрбиелеу жөніндегі айдарлар құрылады, балаларға, жасөспірімдерге арналған кітаптар жазылады және б а с ы л ы п ш ы ғ а р ы л а д ы .

б) "қоғам - мемлекет" тиімді байланысын қалыптастыру. Күш-жігерлер мемлекет қызметіндегі әрбір адам өмірінің шынайы ажырамастығын көрсетуге бағытталатын болады. Сондықтан мектептік және студенттік өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту, мектептік және студенттік сайлау жүйесі өскелең ұрпаққа қоғам мен мемлекеттің өзара тәуелділігін, мемлекет өміріндегі азамат рөлін түсінуге және қабылдауға мүмкіндік б е р е д і .

Бұдан басқа, азаматтарды, оның ішінде жастарды мемлекеттік құрылымдардың қызметімен таныстыру үшін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға (орталық және жергілікті билік органдарына, ауруханаларға, әлеуметтік қызметтерге, ұлттық компанияларға, әскери бөлімдерге және басқаларға) экскурсиялар ұйымдастыру қажет.

2.2. Мемлекеттің жұртшылыққа қарай қадамдары орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы жұмыс істеп тұрған консультативтік-кеңесші органдардың (жастар істері жөніндегі кеңестер, ҰЕҰ-мен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестер, отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссиялар және т.б) білім мекемелерімен, ҰЕҰ-мен ынтымақтастықты дамыту арқылы мүмкін болады.

Консультативтік-кеңесші органдар халықты патриоттық рухта тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуге арналған өкілеттіліктер мен қажетті ресурстарға ие. Аталған органдар ынтымақтастығының патриоттық бағдарлануы осы Бағдарламаның шеңберінде бағдарламаның нәтижелілігін күшейтетін болады. Аталған консультативтік-кеңесші органдардың патриоттық бағыттағы іс-шаралар нақтылығы аталған ұйымдар қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес құрылатын болады.

3. Отбасылық, қоғамдық қатынастар: адам, отбасы, білім беру жүйесі, еңбек ұжымы, әскер, тұтастай алғанда - қоғам

Халықтың мақсатты топтары үшін Мен және менің отбасым; Мен және менің мектебім; Мен және айналадағы адамдар; Мен және менің Отаным саналы азаматтық қатынастарды құруға оқыту бойынша жағдайлар мен әлеуметтік алғышарттар жасау мыналар арқылы іске асырылады:

а) отбасы институтын нығайту жөніндегі шаралар жүйесін әзірлеу.

Бағдарлама рухани-адамгершілік тәрбие негіздері қалыптасатын маңызды институт ретінде отбасына бағдарланады. Өмір сүру ағысының өзгеруіне байланысты, қазіргі уақытта отбасылық құндылықтар елеулі өзгерістерді бастан кешіріп отырғанын ескере отырып, қазақстандық отбасы институттарын нығайту, сауықтыру жөнінде бірқатар шаралар қабылдау қажет. Отбасының өмірлік ағысында өтіп жатқан өзгерістерді, оның дәстүрлі тірегіне айтарлықтай ықпал ететін факторларды егжей-тегжейлі зерделеу талап етіледі.

Әр түрлі жастағы азаматтарда оң отбасылық көзқарастарды қалыптастыру үшін ықпал студияның нысандары мен әдістерін қолдану тәжірибесін пайдалану, педагогтарды, бұқаралық ақпарат құралдарын өскелең ұрпақты қазақстандық этностардың отбасылық құндылықтары негізінде тәрбиелеуге бағыттау қажет. Қазақстандық отбасының дамуы мен нығаюына ықпал ететін ересек өмірде оң қатынастар құру үшін жастардың білім алуына жағдайлар жасау.

Негізінен дәстүрлі қазақстандық отбасы құндылықтарының негізінде жұмыс істейтін психологиялық отбасылық кеңес беру және бейімдеу орталықтарын нығайту қажет. Осы мақсатта педагогтар мен ата-аналар үшін отбасылық тәрбие жөніндегі тренингтер ұйымдастыру көзделген.

б) студенттердің тұлғааралық және қоғамдық қатынастарды ұтымды ұғынуы.

Әрбір азамат сөзсіз тартылатын қоғамдық-саяси қатынастарды түсінуге Қазақстанда дамып келе жатқан тұлғааралық мәдениет пен қоғамдық қатынастар мәселелері бойынша студенттік конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, курстық, ғылыми жұмыстар жазу ықпал етеді.

в) жасөспірімдер мен жастардың ой-өрісін кеңейтуге жәрдемдесу.

Соңғы жылдары бұқаралық сана негізінен жаппай батыс мәдениетінің нашар үлгілерінің таптаурындарымен қалыптасып келеді. Жасөспірімдер мен жастардың ой-өрісін кеңейту және жеке тұлға ретінде дамуы үшін мүмкіндіктері аз.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде аула, аудандық клубтардың желілерін кеңейту, шығармашылық, техникалық, компьютерлік, спорттық клубтар мен кітапханалар желілерін қалыптастыру жөнінде іс-шаралар қабылдау қажет. Клубтар мен кітапханалар жасөспірімдер мен жастарды дамытып, оларды бұқаралық бойкүйездіктен арылтып қана қоймай, сондай-ақ өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болатын дүниетанымы оң жасөспірімдер мен жастар көшбасшыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан астанасының беделін арттыру және насихаттау мақсатында мектептік конкурстар мен олимпиада жеңімпаздары үшін Астана қаласында экскурсиялар

ұйымдастыру

көзделеді.

Патриотизмнің қалыптасуына тарихи орындарға туристік бағыттар ұйымдастыру ықпал етеді. Ол үшін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді экскурсиялық бағдарламалар әзірлеу ұйғарылып отыр.

г) қоғамдық пікірдің маңыздылығын арттыру жөніндегі жұмысты жандандыру.

Азаматтардың патриоттық сезімін дамытуға ықпал ететін қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін нысаналы мақсатта насихаттау іс-шараларын өткізу талап етіледі. Осы мақсатта қоғамдық пікір институтын құруға жәрдемдесу, атап айтқанда, айналасына заманауи дүниетаным мен беделге ие кәсіби, зиялылар өкілдерін, идеологтарды жинайтын мемлекет пен қоғам арасындағы әртүрлі диалог алаңдарын ұлғайту көзделіп отыр.

Диалог алаңдарының жұмысын олардың БАҚ-қа қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, әрбір облыс орталығында, ірі қалаларда жандандырған орынды.

д) әскери-патриоттық тәрбие.

Әскери-патриоттық тәрбие - азаматтардың, әсіресе жоғарғы сынып оқушыларының, студенттердің, әскерге шақырылғанға дейінгі және әскердегі жастардың бойында жоғары патриоттық сезімді, өз Отанына деген адал сезімдерін нысаналы мақсатта қалыптастырудың маңызды жақтарының бірі.

Қазіргі заман жағдайында әскери-патриоттық тәрбиеге әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастырушылық қолдау көрсету, қарулы күштер, жұртшылық, білім беру ұйымдары арасындағы өзара байланыстарды жастарды патриоттық тәрбиелеу ісінде үйлестіруді күшейту, әскердің, әскери қызметтің оң мәртебесін насихаттау мақсатында одан әрі нығайту қажет. Жастарды әскер қызметіне дайындайтын тәжірибесі бар жұмыс істеп тұрған клубтардың жұмысын күшейту, осы жұмысқа ұлы отан соғысы және жергілікті соғыс және еңбек ардагерлерін тарту талап етіледі.

4. Қоғамдық танылуға қол жеткізген қазіргі заманғы қазақстандық-патриоттың бет-бейнесі

Мінез-құлықтың жағымды түрлерін қалыптастыру арқылы патриотизмді тәрбиелеуге жәрдемдесу және қазіргі заманның қаһарманының бейнесін кеңінен таныту, жастардың еліктейтін бейнесі үшін ұйымдастырушылық және басқа да алғышарттарды жасау мыналар арқылы мүмкін болады:

а) қазіргі заманның қаһармандарын іздеу мен оларды қолдау

Осы Бағдарламаның шеңберінде еліміздің азаматтарының табысты тыныс-тіршілігінің әртүрлі нысандары мен түрлерін танымал ету көзделеді. Осы мақсатта БАҚ-пен белсенді ынтымақтасу көзделеді, оның шеңберінде әлеуметтік белсенді, патриоттық рухтағы және кәсіби қызметте әрі өмірде елеулі жетістіктерге қол жеткізген отандастарымызды іздеу мен оларды насихаттау жөнінде жұмыс жүргізілетін

б о л а д ы .

Осы Бағдарламада бастамашылық жасалып отырған әдеби, киноматографиялық, арт-конкурстар сондай-ақ қазақстандық-патриоттың жағымды бейнесін жасауға бағытталған .

Патриоттық әдебиет шығаруды жүзеге асыратын кітап баспаларын және қоғамдық маңызға ие шығармалар жазуға ынталы жазушыларды белсенді тарту көзделеді.

б) кәсіби қызметінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген тұлғаларды тану.

Осы міндетті шешу үшін әр түрлі номинациядағы өңірлік және жастар сыйлықтары түрінде көтермелеу көзделеді. Осы номинациялардың жеңімпаздары нәтижесінде телебағдарламалардың, фильмдердің, очерктер мен кітаптардың кейіпкерлеріне айналды .

Жастардың әлеуетін дамыту үшін Қазақстанның зияткерлік дамуына қосқан үлесі үшін жоғарғы оқу орындарына "Жас талап" зияткерлік сыйлығы тағайындалады.

6. Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаны іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат, бюджеттен тыс қаражат бөлу жоспарланып отыр.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен:

2006 жылы 27 948 мың теңге,

2007 жылы 54 641 мың теңге,

2008 жылы 53 999 мың теңге бөлу жоспарланып отыр.

Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен:

2007 жылы 224 093,0 мың теңге,

2008 жылы 236 521,0 мың теңге бөлу жоспарланып отыр.

Барлығы: 2006 жылы - 27 948 мың теңге, 2007 жылы - 278 734 мың теңге, 2008 жылы - 290 520 мың теңге .

Жалпы сомасы - 597 202 мың теңгені құрайды.

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру барысында мынандай нәтижелерге қол жеткізіледі: қазақстандықтардың Қазақстан Республикасымен азаматтық сәйкестік деңгейі артатын ;

азаматтардың патриоттық қозғалысқа тартылу ынталары артады; азаматтардың патриоттық санасын арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету күшейтілетін болады; елдің мемлекеттік рәміздерін, мемлекеттік және әскери қызметтерді танымал етуге,

тұтастай алғанда патриоттық тәрбие жүйесін дамытуға бағытталған іс-шаралар
ж а н д а н д ы р ы л а т ы н б о л а д ы ;

2006 жылы Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі кеңес құрылатын болады;

ақпараттық-әдістемелік жинақтар, ұсынымдар, ақпараттық-талдамалық материалдар
әзірленетін және шығарылатын болады;

экскурсиялық және өлкетану жұмысы бағдарламалары әзірленеді, ерекшеленген
оқушылардың Астанаға сапары ұйымдастырылады;

36 республикалық іс-шаралар (семинарлар, форумдар, конференциялар, дөңгелек
үстелдер, социологиялық зерттеулер, социологиялық мониторинг, акциялар, слеттер,
конкурстар, турне) өткізіледі, оның ішінде: 2006 жылы - 10, 2007 жылы - 13, 2008
ж ы л ы - 1 3 ;

құқық қорғау органдары өкілдерінің, соғыс ардагерлерінің, спортшылардың және
басқалардың қатысуымен жастардың тақырыптық кештері ұйымдастырылатын болады;

білім беру ұйымдарының желісімен қамтылған 3,5 млн. балалар және жасөспірім
балалар, жасөспірімдер, жастар ұйымдарының қызметіне тартылатын болады;

оқу процесінде жастардың бойында патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге бағытталған
жаңа әдістемелер мен материалдар ықпалдастырылатын болады;
жастардың республикалық зияткерлік және өңірлік сыйлықтары тағайындалады.